

Үржар ауданы Алтыншоқы ауылдық округінің "Жыландау" участкесіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Алтыншоқы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 09 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 шілдеде № 5118 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Алтыншоқы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 14 қарашадағы № 20 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Алтыншоқы ауылдық округі әкімінің 14.11.2017 № 20 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2) тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Үржар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2017 жылдың 25 сәуіріндегі № 88 ұсынысы негізінде Алтыншоқы ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ**:

1. Алтыншоқы ауылдық округінің Жыландау участкесінде мүйізді ұсақ малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алтыншоқы ауылдық округінің әкімі

А. Лебаев